



Осы Сақтандыру ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының негізінде «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы тарапынан біржақты тәртіппен әзірленген және теміржол көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын жасасу және орындау тәртібін айқындайды.

Осы Сақтандыру ережелері Сақтандырушының құқық қабілеттілігін шектемейді. Теміржол көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың нақты шарты бойынша тараптардың міндеттемелерін айқындайтын талаптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен белгіленеді.

### Мазмұны

1. Жалпы ережелер .....	1
2. Сақтанушы .....	2
3. Сақтандыру объектісі .....	2
4. Сақтандыру жағдайларының тізбесі .....	2
5. Теміржол көлігі иелерінің үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру талаптары (жолаушылар мен жүк иелерін қоспағанда) .....	3
6. Теміржол көлігі иелерінің жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру талаптары .....	3
7. Теміржол көлігі иелерінің жүк иесі алдындағы жүк үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру талаптары .....	4
8. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар және сақтандыруды шектеу .....	5
9. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі .....	6
10. Сақтандыру сыйлықақысы .....	6
11. Франшиза .....	7
12. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі .....	7
13. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны .....	8
14. Тараптардың құқықтары мен міндеттері .....	9
15. Жәбірленушінің құқықтары .....	11
16. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдарлары .....	12
17. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының әрекеттері .....	12
18. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі .....	13
19. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары .....	14
20. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі .....	15
21. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері .....	16
22. Сақтанушының залалдарды өтеуге құқықтарының Сақтандырушыға өтуі (суброгация) .....	16
23. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары .....	17
24. Қосымша талаптар .....	18

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ережелердің талаптарына сәйкес «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы) заңды тұлғалармен және әрекетке қабілетті жеке тұлғалармен теміржол көлігі иелерінің үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасасады (бұдан әрі – Сақтандырушы).

1.2. Осы Ережелерде мынадай ұғымдар қолданылады: Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Жәбірленуші (Үшінші тұлға) – көлік құралын пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген, оны өтеу міндеті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік құралының иесі ретінде Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға) жүктелген тұлға. Осы Ережелерге сәйкес Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға, Сақтанушының қызметкерлері және



теміржол көлігінде болған жолаушылар үшінші тұлғалар (жәбірленушілер) болып табылмайды. Теміржол көлігі:

- 1) тартқыш және моторвагонды жылжымалы құрам – локомотивтер (электровоздар, тепловоздар және т.б.), дизель-поездар, турбо поездар, автомотрисалар, авто- және мотодрезиналар, мотовоздар;
- 2) жолаушылар жылжымалы құрамы және оған теңестірілген пошталық, пошта-багаждық және багаждық жылжымалы құрам – купелі, плацкорт, «СВ», «РИЦ» вагондары; вагон-мейрамханалар; облысаралық вагондар; «ЗАК»; қызметтік вагондар; қызметтік-техникалық вагондар; пошта вагондары; багаж вагондары;
- 3) жүк жылжымалы құрамы – жабық вагондар, платформалар, жартылай вагондар, цистерналар, рефрижераторлық және изотермиялық вагондар, астық тасымалдағыштар, цемент тасымалдағыштар, фитингтік платформалар, битум тасымалдағыш платформалар, өзге де (жүктерді тасымалдауға арналған мамандандырылған вагондар, оның ішінде бункерлік типтегі вагондар, транспортерлер, контейнер тасымалдағыштар және жүк түріндегі арнайы вагондар);
- 4) арнайы жылжымалы құрам – теміржол жүрісіндегі алынбайтын жылжымалы бірліктер – қар тазалағыштар, қар жинайтын және қиыршық тас тазалайтын машиналар, балластерлер, жол төсегіштер, жүк көтергіш крандар, дрезиналар және т.б.

## **2.Сақтанушы**

2.1. Сақтанушы – теміржол көлігінің сақталуына мүдделі заңды тұлға немесе әрекетке қабілетті жеке тұлға, атап айтқанда: теміржол көлігінің иесі, пайдаланушысы, жалдаушысы, жалға алушысы, лизинг алушысы және Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан тұлға.

2.2. Егер Шарт заңды тұлғамен жасалса, онда сақтандыру қорғанысы Сақтанушыға, Сақтанушының тапсырмасы бойынша Сақтандыру шартында Сақтанушы көрсеткен теміржол көлігін пайдаланатын Сақтанушының қызметкерлеріне қолданылады. Сақтанушы – заңды тұлға Сақтандыру шартында сақтандыру жүзеге асырылатын өзге де заңды және жеке тұлғаларды көрсетуге құқылы.

2.3. Егер Сақтандыру шарты жеке тұлғамен жасалса, онда Сақтандыру шартында Сақтанушы көрсеткен және көрсетілген теміржол көлігін заңды негіздерде пайдаланатын тұлғалардың, сондай-ақ Сақтанушының өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі ғана сақтандырылған болып табылады.

2.4. Сақтанушы – заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда Сақтандыру шарты қолданылған кезеңде осы Шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін тәртіппен тиісті құқық мирасқорына өтеді.

2.5. Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде қайтыс болған жағдайда, осы Сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін тәртіппен Сақтанушының мұрагерлеріне өтеді.

## **3.Сақтандыру объектісі**

3.1. Сақтандыру объектісі болып Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген міндетіне байланысты, жоғары қауіптілік көзі ретінде теміржол көлігін пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың (жәбірленушілердің) өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеуге байланысты мүліктік мүддесі табылады.

## **4.Сақтандыру жағдайларының тізбесі**

4.1. Сақтандыру жағдайы – ықтималдық және кездейсоқтық белгілеріне ие, Сақтандыру шартында көзделген, оның басталуымен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайтын оқиға.

4.2. Сақтандырылған теміржол көлігін, Сақтандыру шартында көрсетілген, пайдалану нәтижесінде



жәбірленуші деп танылған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша Сақтандырылған тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі Сақтандыру жағдайы деп танылады.

4.3. Сақтандыру жағдайларының тізбесі, Сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі Сақтанушы таңдаған сақтандыру қорғанысының түрлерімен айқындалады:

4.3.1. теміржол көлігі иелерінің үшінші тұлғалар алдындағы (жолаушылар мен жүк иелерін қоспағанда) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі;

4.3.2. теміржол көлігі иелерінің жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі;

4.3.3. теміржол көлігі иелерінің жүк иесі алдындағы (жүк үшін) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі;

4.3.4. теміржол көлігі иелерінің осы бөлімнің 4.3.1. – 4.3.3. тармақтарының кез келген комбинациясындағы жүк иесі алдындағы (жүк үшін) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі.

4.4. Зиянның туындау себептері қасақана сипатта болмауы тиіс.

#### **5. Теміржол көлігі иелерінің үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру талаптары (жолаушылар мен жүк иелерін қоспағанда)**

5.1. Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген жауапкершіліктің шекті көлемі (сақтандыру сомасы) шегінде жәбірленушілерге немесе олардың мұрагерлеріне (жолаушылар мен жүк иелерін қоспағанда) теміржол көлігін пайдалану нәтижесінде олардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген зиян үшін, егер мұндай зиян Сақтандыру шартында көрсетілген теміржол көлігін пайдалану нәтижесінде келтірілген болса, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

5.2. Сақтандырушы Сақтанушыға қарсы қойылған және өмірге, денсаулыққа және мүлікке келтірілген зиянмен байланысты мынадай талаптарды қарауға қабылдамайды:

- 1) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) кез келген қызметкеріне немесе оның іскер серіктестеріне оның жұмыспен қамтылуы кезінде және салдарынан немесе Сақтанушымен (Сақтандырылған тұлғамен) кез келген келісім бойынша өз міндеттерін орындау кезінде;
- 2) теміржол экипажының кез келген мүшесіне және/немесе қызмет көрсетуші және/немесе техникалық персоналға олардың өз жұмыс (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде;
- 3) теміржол көлігінде болған кезде немесе оған міну не одан түсу барысында кез келген жолаушыға;
- 4) Сақтанушыға тиесілі, не Сақтанушыға тапсырылған, не Сақтанушының пайдалануындағы кез келген мүлікке.

5.3. Осы бөлім бойынша Сақтандырушы мынаған тікелей немесе жанама байланысты талаптарды қанағаттандырмайды:

- 1) шумен (адам құлағы қабылдайтын немесе қабылдамайтын), дірілмен, дыбыстық соққымен немесе ұқсас табиғаттағы басқа да құбылыстармен;
- 2) қоршаған ортаның қандай да бір ластануымен;
- 3) электрлік немесе электромагниттік кедергілермен;
- 4) меншік құқығының бұзылуымен, Сақтанушыға қарсы талап теміржол көлігіндегі көлік оқиғасы немесе инцидент нәтижесінде келтірілген зиянмен байланысты жағдайларды қоспағанда.

#### **6. Теміржол көлігі иелерінің жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру талаптары**

6.1. Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген жауапкершіліктің шекті көлемі (сақтандыру сомасы) шегінде жәбірленуші жолаушыларға немесе олардың мұрагерлеріне мынадай жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді:

- 1) теміржол көлігінің жолаушыларына дене жарақаттарын, жаралануларды (өлімге әкелетін немесе өзге де) келтіру;
- 2) көлік оқиғасы нәтижесінде жолаушылардың багажын және/немесе қол жүгін жоғалту немесе бүлдіру.



6.2. Осы бөлім бойынша Сақтандырушы Сақтанушыға қарсы қойылған және өмірге, денсаулыққа және мүлікке келтірілген зиянмен байланысты мынадай талаптарды қарауға қабылдамайды:

- 3) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) кез келген қызметкеріне немесе оның іскер серіктестеріне оның жұмыспен қамтылуы кезінде және салдарынан немесе Сақтанушымен (Сақтандырылған тұлғамен) кез келген келісім бойынша өз міндеттерін орындау кезінде;
  - 4) теміржол экипажының кез келген мүшесіне және/немесе қызмет көрсетуші және/немесе техникалық персоналға олардың өз жұмыс (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде.
- 6.3. Осы бөлім бойынша Сақтандырушының сақтандыру жағдайы туралы өтінішті қарауға қабылдауының міндетті талаптары:

- 5) жолаушыларды отырғызар алдында Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) осы бөлімнің 6.1-тармағының 1) және 2) тармақшаларынан туындайтын, теміржол көлігі иелерінің жолаушылар алдындағы қолданыстағы заңнамада белгіленген азаматтық-құқықтық жауапкершілігінен тыс Сақтандырушының жауапкершілігін болдырмау немесе азайту үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті;
- 6) егер осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес қабылданатын шаралар жолаушыға билет пен багаж түбіртегін беруді қамтыса, олар тиісті түрде ресімделіп, жолаушыға оны теміржол көлігіне отырғызғанға дейін берілуі тиіс;
- 7) осы тармақтың жоғарыда аталған талаптарын орындау Сақтанушы үшін мүмкін болмаған жағдайда, Сақтандырушының жауапкершілік көлемі, егер ол туындайтын болса және Сақтанушы жоғарыда аталған талаптарды орындаған-орындамағанына қарамастан бәрібір туындайтын болса, оның қолданыстағы заңнама бойынша жауапкершілігінен аспайды.

#### **7. Теміржол көлігі иелерінің жүк иесі алдындағы жүк үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру талаптары**

7.1. Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға) соңғысының Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына немесе шарт бойынша өтеуге тиіс зияны үшін жүк иесіне (жүк иесіне) келтірілген зиянды өтеу салдарынан шеккен шығыстарын мынадай жағдайларда өтеуге міндеттенеді:

- 1) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) теміржол көлігімен тасымалдау шарты бойынша жауапты болатын жүкке зиян келтіру немесе,
- 2) егер мұндай шарт болмаса, белгіленген лимиттен жоғары ерекше құндылық декларациясы жасалатын теміржол көлігінде болған кезінде немесе теміржол көлігіне тиеу (түсіру) кезінде жүкке келтірілген зиян.

7.2. Осы бөлім бойынша Сақтандырушы жауапкершілігінің туындауының міндетті талаптары:

- 3) жүкті тиеуге дейін Сақтанушы осы бөлімнің 7.1-тармағының 1) және 2) тармақшаларынан туындайтын, теміржол көлігі иелерінің жүк үшін қолданыстағы заңнамада белгіленген жауапкершілігінен тыс Сақтандырушының жауапкершілігін болдырмау немесе азайту үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті;
- 4) егер осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес қабылданатын шаралар жүк иесіне жүккүжатты немесе басқа құжаттарды беруді қамтыса, олар тиісті түрде ресімделіп, жүк иесіне жүкті теміржол көлігіне тиеуге дейін берілуі тиіс;
- 5) Сақтанушы үшін осы тармақтың 2) және 3) талаптарын орындау мүмкін болмаған жағдайда, Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемі, егер ол туындайтын болса және Сақтанушы жоғарыда аталған талаптарды орындаған-орындамағанына қарамастан бәрібір туындайтын болса, оның қолданыстағы заңнама бойынша жауапкершілігінен аспайды.

7.3. Осы бөлім бойынша Сақтандырушы Сақтанушыға қарсы қойылған және мүлікке зиян келтіруге байланысты мынадай талаптарды қарауға қабылдамайды:

- 1) кез келген жолаушының;



- 2) температураның, ылғалдылықтың немесе жүктің оның жойылуына немесе бүлінуіне әкеп соқтыруы мүмкін ерекше қасиеттері мен табиғи сапаларының әсерінен (кұрғау, сулану, шіру, өздігінен жану және т.б.);
- 3) сыртқы қаптаманың бүтіндігі сақталған кезде жүктің жетіспеуі түрінде;
- 4) оның құрттармен, кеміргіштермен, жәндіктермен және т.б. бүлінуі салдарынан;
- 5) мүлікті теміржол көлігіне тиеу орнына жеткізгенге дейін және оны теміржол көлігінен түсіргеннен кейін;
- 6) тасымалданатын жүк бағасының төмендеуі салдарынан.

### **8.Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар және сақтандыруды шектеу**

8.1. Үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян мынадай салдардан туындаса, Сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

- 1) соғыс; басып кіру; шет мемлекеттің жау әрекеттері; әскери немесе соған ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
  - 2) бүлік; ереуіл; локауттар; халық көтерілісіне ұласатын немесе ұлғая түсетін азаматтық тәртіпсіздіктер; бүліншілік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; әскери басып алу немесе билікті узурпациялау; тәркілеу; реквизиция немесе мүлікті мемлекет меншігіне алу; террористік актілер;
  - 3) атом отынын жағудан пайда болған радиоактивті сәулелену немесе радиоактивті отынмен не радиоактивті қалдықтармен ластану;
  - 4) дүлей апаттар – жер сілкінісі, найзағайдың түсуі, су тасқыны, сел, дауыл, құйын, боран, опырылу, көшкін, қар көшкіні;
  - 5) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның), оның қызметкерінің теміржол көлігін алкогольдік, уытты немесе есірткілік масаң күйде не теміржол көлігін басқару кезінде қолдануға қарсы көрсетілген дәрілік препараттардың әсерімен басқаруы;
  - 6) теміржол көлігін басқаруға тиісті куәлігі жоқ тұлғаның басқаруы немесе оған теміржол көлігін беруі;
  - 7) жәбірленушінің қасақана әрекеттері;
  - 8) Сақтанушының немесе Сақтандырылған тұлғаның қасақана әрекеттері, сондай-ақ Сақтанушының немесе Сақтандырылған тұлғаның кінәсі болмаған кезде жәбірленушінің өрескел абайсыздығы нәтижесінде;
  - 9) Сақтандыру шартында көрсетілмеген тұлғаның теміржол көлігін басқаруы кезінде;
  - 10) теміржол көлігін оған заңсыз иелік еткен тұлғаның басқаруы кезінде;
  - 11) егер Сақтандыру жағдайы сақтандыру қорғанысының аумағынан немесе қолданылу кезеңінен тыс орын алса;
  - 12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теміржол көлігі иесінің келтірілген зиян үшін жауапкершілігін жоққа шығаратын мән-жайлар кезінде;
  - 13) теміржол көлігін Сақтандырушымен жазбаша келісусіз сынақ, спорттық немесе оқу мақсаттарында пайдалану;
  - 14) теміржол көлігін Сақтандырушымен жазбаша келісусіз жалға, лизингке немесе прокатқа беру;
  - 15) Сақтанушының немесе Сақтандырылған тұлғаның (оның қызметкерлерінің) теміржол көлігін пайдалану қағидаларын бұзуы, оның ішінде техникалық ақауы бар теміржол көлігін пайдалануы, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі қағидаларын, өртке қауіпті және жарылғыш заттар мен заттарды тасымалдау және сақтау қағидаларын, жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптарын бұзуы, бұл Сақтандыру жағдайының туындауына себеп болса.
- 8.2. Стандартты сақтандыру талаптарына енгізілмейтін “әскери тәуекелдерді”, ереуілдер, бүліктер мен азаматтық толқулар тәуекелдерін сақтандыру оларды Сақтандыру шартына арнайы бөлімдер ретінде енгізу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.



8.3. Осы Ережелер бойынша тек Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға үшінші тұлғаларға келтірген тікелей мүліктік зиян ғана өтелуге жатады.

8.4. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы мынаған сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

- 1) үшінші тұлғаның (жәбірленушінің) жанама коммерциялық шығындары, жәбірленушінің тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды өндіру (қызметтер көрсету), шарттар (келісімдер) бойынша өзге де міндеттемелер мерзімдерін бұзуына байланысты шығындары (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т.б.), үшінші тұлғалардың айырылған пайдасы;
- 2) моральдық зиян;
- 3) сот шығындары;
- 4) Сақтанушының теміржол көлігіне келтірілген зиян;
- 5) Сақтанушының теміржол көлігінде болған үшінші тұлғалардың мүлкіне (жүгіне) келтірілген зиян.

### **9.Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі**

9.1. Сақтандыру сомасы – оның шегінде Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенетін және Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

9.2. Сақтандыру сомасы тараптардың келісімімен белгіленеді.

9.3. Сақтандыру шартында мыналар белгіленуі мүмкін:

- 1) жиынтық шекті жауапкершілік көлемі, – бұл жағдайда Сақтандыру шартының бүкіл қолданылу кезеңі ішіндегі барлық Сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы осы көлемнен аспауы тиіс;
- 2) әрбір Сақтандыру жағдайы бойынша шекті жауапкершілік көлемі;
- 3) Сақтандыру шартының қолданылу кезеңіндегі бір немесе бірнеше Сақтандыру жағдайы бойынша шекті жауапкершілік көлемі;
- 4) бір немесе барлық Сақтандыру жағдайлары бойынша әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша шекті жауапкершілік көлемі.

### **10.Сақтандыру сыйлықақысы**

10.1. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартымен белгіленеді және Сақтанушының Сақтандырушыға соңғысының Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы шегінде Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасын білдіреді.

10.2. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісін және сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын Сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.

10.3. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы тарапынан толық немесе мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеуге жатады.

10.4. Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) Сақтандыру шартында келісілген мерзімдерде төлемеген жағдайда, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) төленбеген күннен бастап Сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

10.5. Егер Сақтандыру жағдайы мерзімі өткізіліп төленбеген белгілі бір сақтандыру жарнасын (Сақтандыру сыйлықақысын) төлеуге дейін басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының (Сақтандыру сыйлықақысының) сомасын есепке жатқызуға құқылы.

10.6. Егер оның қолданылуы Сақтанушының Сақтандыру сыйлықақысының кезекті бөлігін төлемеуіне байланысты Шартты бұзу салдарынан тоқтатылған болса, Сақтандыру шарты қайта



жаңартылуы мүмкін. Бұл ретте Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ұзартылмайды. Сақтандырушы Шарт бұзылған кезден бастап ол қайта жаңартылған кезге дейінгі кезеңде Сақтандыру шарты бойынша жауапты болмайды және осы кезеңде болған Сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

### **11.Франшиза**

11.1. Франшиза — сақтандыру талаптарында көзделген, мөлшері белгілі бір шамадан аспайтын залалды өтеуден Сақтандырушыны босату.

11.2. Сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша шартсыз (шегерілетін) немесе шартты (шегерілмейтін) франшиза көзделуі мүмкін.

11.3. Франшизаның мөлшері Сақтандыру шартында келісіледі:

- 1) шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайда белгіленген сома шегеріліп өтеледі;
- 2) шартты франшиза кезінде Сақтандырушы белгіленген франшиза мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері осы сомадан көп болса, залалды толық өтеуге тиіс.

11.4. Франшиза сақтандыру сомасының пайызымен де, тіркелген сома түрінде де белгіленуі мүмкін. Франшизаның мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді және әрбір нақты жағдай үшін жеке келісіледі.

### **12.Сақтандыру шартын жасасу тәртібі**

12.1. Сақтандыру шарты Сақтанушының белгіленген нысандағы жазбаша өтініші негізінде, мынадай құжаттардың көшірмелерін ұсынумен жасалады:

- 1) теміржол жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
- 2) қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған вагондардың кузовтарының, цистерна қазандарының және бекіту-қорғау құрылғыларының техникалық жай-күйі туралы куәлік;
- 3) қысыммен жұмыс істейтін цистерна қазандарын куәландыру журналының үзіндісі.

12.2. Егер Сақтандыру шарты Сақтанушының белгіленген нысандағы жазбаша өтініші негізінде жасалса, бұл өтініш Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

12.3. Сақтандырушы өтініштің нысанын және сұратылатын мәліметтерді өзгертуге құқылы.

12.4. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтанушыға белгілі, Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан келетін ықтимал залалдар мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы хабарлауға міндетті.

12.5. Сақтанушы сондай-ақ сақтандырылатын тәуекелге қатысты сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында Сақтандырушы қойған сұрақтарға жауап беруге және Сақтандырушы талап еткен қосымша құжаттарды ұсынуға міндетті.

12.6. Егер Сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушы осы Ережелердің 9-бөлімінің 9.4-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

12.7. Егер Сақтанушы жасырған мән-жайлар енді жойылған болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

12.8. Сақтандырушы теміржол көлігінің болуын және жай-күйін, сондай-ақ Сақтанушының теміржол көлігі туралы хабарлаған мәліметтерінің дұрыстығын тексеруге құқылы.

12.9. Сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандырушы біржақты тәртіппен әзірлеген үлгілік талаптарға (осы Ережелерге) қосылуы (қосылу шарты) және Сақтандырушының Сақтанушыға белгіленген нысандағы сақтандыру полисін (№1 Қосымша) беруі арқылы жазбаша нысанда жасалады.

12.10. Сақтандыру шартында мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;



- 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса); сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), байланыс телефоны және жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері, байланыс телефоны және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлға болса);
  - 3) сақтандыру объектісін көрсету;
  - 4) Сақтандыру жағдайын көрсету;
  - 5) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
  - 6) Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері; сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының болуы немесе болмауы туралы көрсету;
  - 7) Сақтандыру полисінің жасалған күні, қолданылу мерзімі және сақтандыру қорғанысы;
  - 8) егер олар сақтандыру қатынасының қатысушылары болып табылса, Сақтандырылған тұлға мен Пайда алушы туралы мәліметтер;
  - 9) Сақтандыру полисінің нөмірі, сериясы;
  - 10) Сақтандыру полисінің талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі; Сақтанушының өзіне белгілі болған, Шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер мүлктік сақтандыру шарты қолданылған кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі ықпал етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті (ҚР АҚ 834-бабының 1-тармағы);
  - 11) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және Сақтандыру сыйлықақысының валютасының түрі;
  - 12) Сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
  - 13) егер ол Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылмаса, Сақтандыру шартында Сақтандырылған тұлға (Пайда алушы) көрсетілген жағдайда, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету.
- 12.11. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Сақтандыру шартының Көшірмесін береді, содан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.
- 12.12. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында мынадай мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілуіне тиіс:
- 1) сақтандыру объектісі болып табылатын белгілі бір мүлік не өзге де мүлктік мүдде туралы;
  - 2) сақтандыру жүзеге асырылатын оқиғаның сипаты туралы (Сақтандыру жағдайы);
  - 3) сақтандыру сомасының мөлшері туралы;
  - 4) Шарттың қолданылу мерзімі туралы.

### **13.Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны**

13.1. Сақтандыру шарты, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап, ал оны бөліп төлеген жағдайда – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

13.2. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты бірінші басталған Сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезден бастап өз қолданылуын тоқтатады.

13.3. Сақтандыру шартын бір жылдан аз мерзімге жасасқан кезде Сақтандыру сыйлықақысы жылдық сыйлықақының мынадай мөлшерлерінде белгіленеді (толық емес ай толық ай ретінде есептеледі):

Мерзімі	1 ай және одан аз	2 ай	3 ай	4 ай	5 ай	6 ай	7 ай	8 ай	9 ай	10 ай	11 ай
Жылдық	20	25	40	50	60	70	75	80	85	90	95



сақтандыру сыйлықақысынан %											
-----------------------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

13.4. Бір жылдан артық мерзімге сақтандыру кезінде Сақтандыру шарты бойынша жалпы Сақтандыру сыйлықақысы әр жыл үшін Сақтандыру сыйлықақыларының сомасы ретінде белгіленеді. Бұл ретте толық емес жыл үшін Сақтандыру сыйлықақысы мынадай формула бойынша есептеледі:  $Пнеп. = СТ \times (M/12)$ , мұнда: Пнеп. - толық емес жыл үшін Сақтандыру сыйлықақысы (бір жылдан артық сақтандыру кезінде); СТ – Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру тарифі; М-толық емес жылдағы сақтандыру қорғанысы айларының саны.

13.5. Сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағына таралады. Сақтандырушымен келісу бойынша Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы ТМД елдерінің және алыс шетелдің аумақтарында да жоғарылатылған тариф бойынша Сақтандыру сыйлықақысын төлеумен ұсынылуы мүмкін.

13.6. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

#### **14.Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

14.1. Сақтанушының құқығы бар:

- 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат талап етуге;
- 2) егер ол Сақтандырушының жазбаша келісімі бойынша үшінші тұлғалардың талаптарын өзі реттеген болса, Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасы (жауапкершіліктің шекті көлемі) мөлшері шегінде шығындардың өтелуіне;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.

14.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 2) теміржол көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін өзге сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалып жатқан барлық Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға жазбаша түрде хабарлауға;
- 3) Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде және тәртіппен төлеуге;
- 4) Сақтандыру шарты қолданылған кезеңде Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған, Сақтандыру шартында көрсетілген пайдалану талаптарындағы туындаған өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер тәуекел дәрежесінің ұлғаюына елеулі ықпал етуі мүмкін болса, дереу хабарлауға;
- 5) Сақтандыру шартында көрсетілген теміржол көлігін жарамды күйде ұстауға;
- 6) зиян келтіру мүмкіндігін төмендету үшін сақтық шараларын қабылдауға;
- 7) осы Сақтандыру ережелерінің талаптарын Сақтандырылған тұлғаларға жеткізуге;
- 8) осы Сақтандыру ережелерінің талаптарын орындауға (Сақтандыру ережелерін Сақтандырылған тұлғаның бұзуы Сақтандыру ережелерін Сақтанушының өзі бұзуы ретінде бағаланады);
- 9) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде осы Ережелердің 17-бөлімінің 17.2-тармағында көрсетілген қажетті әрекеттерді жасауға;
- 10) оған белгілі болған күннен бастап дереу, бірақ 3 (Үш) күннен кешіктірмей, келтірілген зиян фактісі бойынша құзыретті органдардың әрекеттері басталғаны туралы (тергеу, қылмыстық іс қозғау, сотқа шақыру және т.б.), сондай-ақ үшінші тұлғалардың барлық қойылған талаптары, сотқа шақыру, талап арыз беру және т.б. туралы Сақтандырушыға хабарлауға;



- 11) зиян келтіруге байланысты қойылған талаптарды Сақтандырушымен келісусіз өтеуді төлемеуге, ішінара немесе толық мойындамауға;
- 12) егер Сақтанушыда немесе Сақтандырылған тұлғада бұл үшін негіздер болса, Сақтандырушыны дереу хабардар етуге және қойылған талаптардың мөлшерін азайту бойынша барлық қолжетімді шараларды қабылдауға;
- 13) Сақтандыру шартының талаптары мен Сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдерінің мөлшерлері туралы құпиялылықты сақтауға;
- 14) Сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 15) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, Сақтандырушының не үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін айқындайды және 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның не үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындауы, сондай-ақ тұтастай алғанда Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.
- 16) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, оның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды.
- 17) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімін, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, оның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін жазбаша түрде талап етуге міндетті.
- 18) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының не үшінші тұлғаның өңдеуіне келісімінің болмауына, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға келісімінің болмауына, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімінің болмауына жауапты болады.
- 19) Деректерді жинауға және өңдеуге берілетін келісім мыналарды қамтиды: атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі); субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе); дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімінің қолданылатын мерзімі немесе кезеңі; оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігінің бар-жоғы немесе жоқтығы туралы мәліметтер; оларды өңдеу процесінде дербес деректерді трансшекаралық берудің бар-жоғы немесе жоқтығы туралы мәліметтер; дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату туралы мәліметтер; дербес деректер субъектісіне қатысты жиналатын деректердің тізбесі.
- 20) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтанушының, жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, Интернет-ресурстарда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының мобильдік қосымшаларында, сондай-ақ олардың серіктестерінің Интернет-ресурстарында, мобильдік қосымшаларында, әлеуметтік желілерінде сақталатын дербес деректерін Сақтандырушының не үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне келісімін растайды.

#### 14.3. Сақтандырушының құқығы бар:

- 1) өзіне ұсынылған ақпарат пен құжаттарды тексеруге;



- 2) бүлінген мүлікті қарауға қатысуға;
  - 3) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге;
  - 4) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылған тұлғадан Сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
  - 5) дербес талап қоймайтын үшінші тұлға ретінде сотқа қатысуға;
  - 6) заңда белгіленген тәртіппен Сақтанушыға немесе Сақтандырылған тұлғаға қойылатын талаптардың мөлшеріне дау айтуға;
  - 7) осы Ережелердің 8 және 21-бөлімдерінде көзделген негіздер бойынша оқиғаның Сақтандыру жағдайы деп танылмауы жағдайында бұл туралы Сақтанушы мен жәбірленушіні жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру төлемінен бас тартуға;
  - 8) тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына барабар қосымша Сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;
  - 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.
- 14.4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны осы Ережелермен таныстыруға;
  - 2) жәбірленушіге оқиғаны Сақтандыру жағдайы деп тану және сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін ұсынуға қажетті құжаттардың тізбесін хабарлауға;
  - 3) Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға немесе жәбірленуші барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 10 күн ішінде оқиғаны Сақтандыру жағдайы деп тану немесе танымау туралы шешім қабылдауға. Бұл мерзім ұсынылған құжаттарды тексеру қажеттілігі болған жағдайда ұзартылуы мүмкін.
  - 4) Сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Ережелердің 20-бөлімінің 20.2-тармағында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
  - 5) Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға) Сақтандыру жағдайы кезінде залалдарды азайту үшін жүргізілген шығыстарды өтеуге;
  - 6) Сақтанушыны және жәбірленушіні оқиғаны Сақтандыру жағдайы деп танымау немесе сақтандыру төлемінің мөлшерін азайту туралы шешім қабылдағаны жөнінде жазбаша хабардар етуге;
  - 7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
  - 8) сақтандыру төлемінен мынадай жағдайларда бас тартуға:
    - Сақтанушының/ Сақтандырылған тұлғаның/ Пайда алушының Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде (бұдан әрі – ҚМА тізбесі), сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы.
    - Сақтанушының /Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін құжаттарды, сондай-ақ сұрау салу бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
    - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалып жатыр деп пайымдауға негіздер болған кезде.
- 14.5. Осы бөлімдегі тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды, тараптардың жекелеген міндеттері осы Ережелердің басқа бөлімдерінде көзделген және Сақтандыру шартында кеңейтілуі мүмкін.

## **15. Жәбірленушінің құқықтары**

15.1. Жәбірленушінің құқығы бар:

- 1) өзіне Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) зиян келтірген оқиға туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауды жүргізуге және оларды Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушыға ұсынуға;



- 3) денсаулыққа және (немесе) мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалануға;
- 4) келтірілген зиян мөлшерін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеумен танысуға;
- 5) сақтандыру төлемін алуға;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне дау айтуға;
- 7) келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемі сомасынан асатын мөлшерінде теміржол көлігінің иесіне келтірілген зиянды өтеу туралы талап қоюға.

### **16. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдарлары**

16.1. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі ықпал етуі мүмкін болса, өзіне белгілі болған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу жазбаша хабарлауға міндетті.

16.2. Кез келген жағдайда мынадай өзгерістер мен мән-жайлар елеулі деп танылады:

- 1) теміржол көлігін сақтандыру аумағынан тыс жерде пайдалану;
- 2) теміржол көлігін жалға, лизингке, прокатқа, кепілге немесе өзге ауыртпалыққа беру;
- 3) теміржол көлігін пайдалану және сақтау сипаты мен мақсаттарының елеулі өзгеруі.

Сақтандыру шартында тәуекел дәрежесінің ұлғаюына әсер ететін басқа да елеулі өзгерістер келісіліп көрсетілуі мүмкін.

16.3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына барабар қосымша Сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

16.4. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша Сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушыға Сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі Сақтандыру шартымен белгіленеді.

16.5. Егер Сақтанушы осы бөлімнің 16.1-тармағында көзделген міндетті орындамаса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және оның бұзылуынан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге немесе Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына барабар азайтуға не сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

16.6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылған болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

### **17. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының әрекеттері**

17.1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ одан келтірілген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға, Сақтандырылған тұлғаға немесе Пайда алушыға жүктеледі.

17.2. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары Сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға басталған кезде Сақтанушы міндетті:

- талаптар немесе талап-арыздар қоюға негіз болуы мүмкін оқиғамен байланысты залалдарды азайту үшін қалыптасқан жағдайда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды дереу қабылдауға;
- оқиғаны ПМ органдарында құжаттық ресімдеуді қамтамасыз етуге;
- оқиғаны мемлекеттік және өзге де құзыретті органдар, оның ішінде көлік оқиғасы кезінде құжаттық ресімдеу кезінде жәрдем көрсетуге;
- барынша қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда ол білген сәттен бастап мереке және демалыс күндерін қоспағанда 3 (үш) тәуліктен кешіктірмей, оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыны немесе оның уәкілетті өкілін хабардар етуге, оған оқиғаның мән-жайлары, келтірілген залалдың түрлері мен болжамды мөлшерлері туралы барлық белгілі мәліметтерді



хабарлауға, одан арғы әрекеттерді Сақтандырушымен келісуге, сондай-ақ жазбаша өтініш ұсынуға. Егер Сақтандыру шартында хабарлаудың өзге мерзімі және (немесе) тәсілі көзделсе, ол келісілген мерзімде және Сақтандыру шартында көрсетілген тәсілмен жасалуға тиіс;

- сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді Сақтандырушыға ұсынуға.
- 17.3. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары Сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға туралы Сақтандырушыны келісілген мерзімде хабардар етпеу Сақтандырушыға сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.
- 17.4. Сақтанушы Сақтандыру жағдайы бойынша барлық кейінгі ақпаратты хабарлауға және Сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге міндетті.
- 17.5. Сақтанушы Сақтандырушының сұрау салуы бойынша оған Сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді ұсынуға міндетті.
- 17.6. Сақтанушы Сақтандырушыға (соңғысының талабы бойынша) сотқа дейінгі және сот тәртібімен талаптарды реттеу кезінде Сақтанушының өкілеттіктерін беруге міндетті.
- 17.7. Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттерді жасамауға, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелер қабылдамауға; қандай да бір ұсыныстарды қабылдамауға; осы Сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір төлемдерді Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз жасамауға және жасауға уәде бермеуге міндетті.

#### **18.Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі**

18.1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ одан келтірілген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

18.2. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) құжат жүзінде мынаны дәлелдеуге міндетті:

- Сақтандыру жағдайының болуын;
  - келтірілген залалдардың мөлшерін
- 18.3. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуға тиіс:
- 18.3.1. жеке басын куәландыру және сақтандыру төлемін алу талаптарын сақтау үшін: Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтініш; Сақтандыру шарты; өтініш берушінің жеке куәлігі; сақтандыру компаниясында іс жүргізуге және сақтандыру төлемін алуға құқық беретін сенімхат (занды тұлға үшін немесе Пайда алушының мүддесін білдіру жағдайында);
- 18.3.2. Сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін:
- сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғаларды тергейтін, жіктейтін және есепке алатын мемлекеттік комиссия немесе өзге де құзыретті органдар жасаған актілер, қорытындылар, өзге де құжаттар не Сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттар;
  - тергеу және сот органдары құжаттарының көшірмелері (егер бар болса);
  - уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі туралы медициналық мекемелердің анықтамасы немесе мүгедектік белгіленгені туралы мамандандырылған мекемелердің анықтамасы, ол туындаған жағдайда (көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендер үшін);
  - қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (көлік оқиғасы кезінде қаза тапқандар немесе осы оқиға салдарынан қайтыс болғандар үшін).
- 18.3.3. келтірілген зиян мөлшерін дәлелдеу үшін – залал мөлшерін бағалау жөніндегі құжаттар – тәуелсіз сараптамалық (бағалау) ұйымдардың қорытындылары не келтірілген зиян мөлшерін растайтын өзге де құжаттар.
- 18.4. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) Сақтандыру жағдайының басталуын және келтірілген залалдардың мөлшерін растайтын өзге де дәлелдемелерді ұсынуға құқылы.
- 18.5. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтінішті және тиісті



құжаттарды Сақтандырушының алғаны фактісі уәкілетті қызметкердің не Сақтандырушы өкілінің қолхатымен расталады.

18.6. Болған оқиға туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы құзыретті органдардан (ішкі істер органдары, өртке қарсы қадағалау, авариялық-техникалық қызметтер), кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан оқиғаның басталу мән-жайлары туралы ақпараты бар мәліметтерді сұратуға, сондай-ақ оның туындау себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға құқылы.

18.7. Қажет болған жағдайда оқиғаның туындау себептерін және залал мөлшерін айқындау жөніндегі жұмыс Сақтандырушының тапсырмасы бойынша тәуелсіз сарапшылармен, бағалаушымен, авариялық комиссарлармен орындалуы мүмкін.

18.8. Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттардың толық емес пакетін ұсынған жағдайда, Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны соңғы құжатты алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

### **19. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары**

19.1. Сақтанушыдан (Сақтандырылған тұлғадан) Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша хабарламаны алғаннан кейін Сақтандырушы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:

19.1.1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін анықтайды; Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; залалдардың туындауына әкеп соққан оқиғаның фактісін және себептерін анықтайды; сарапшыны, авариялық комиссарды тарту қажеттілігін айқындайды, өзге де әрекеттерді жүзеге асырады;

19.1.2. оқиға Сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, Сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.

19.2. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы осы Ережелердің 18-бөлімінде көрсетілген Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) ұсынған құжаттар, сондай-ақ қажетті құжаттар ұсынылғаннан кейін Сақтандырушы немесе оның өкілі жасаған Сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүзеге асырылады.

19.3. «Үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру» сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру төлемі үшінші тұлғаға, ал қайтыс болған жағдайда — оның мұрагерлеріне жүргізіледі.

19.4. «Үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру» тәуекелі бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде мыналар ескеріледі:

- 1) жәбірленушінің келтірілген мертiгyі немесе денсаулыққа өзге де зақым келуі нәтижесінде еңбек қабілетін жоғалтуы немесе оның азаюы салдарынан бүкіл еңбекке жарамсыздық кезеңінде айырылған табысы;
- 2) денсаулықты қалпына келтіру үшін қажетті қосымша шығыстар, бөгде күтім. Протездеу, ақылы медициналық қызмет көрсету шығыстары, егер жәбірленушінің бұл қызметтерді тегін алуға құқығы болмаса;
- 3) жәбірленуші қайтыс болған жағдайда оның асырауында болған адамдар айырылған табыстың бөлігі;
- 4) жерлеу шығыстары.

19.5. Үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемінің мөлшері мынадай тәсілдердің бірімен айқындалады:

- 1) тараптардың келісімі бойынша;
  - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес;
  - 3) сот шешімімен Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға) жүктелген сомалар негізге алына отырып.
- 19.6. Бүлінген мүлікке келтірілген залалдың мөлшері:
- 4) Сақтандырушының калькуляциясы негізінде; және/немесе
  - 5) Сақтандырушы тағайындаған авариялық комиссардың (сюрвейердің) қорытындысы негізінде; және/немесе



- 6) бүлінген мүлікті нақты жөндеуге қойылған шоттар негізінде айқындалады; Бұл жағдайда үшінші тұлға Сақтандырушыға шоттың (наряд-тапсырыстың) түпнұсқасын немесе жөндеу калькуляциясын ұсынуға міндетті.
- 19.7. Үшінші тұлғалардың мүлкіне келтірілген залал мөлшерін айқындаудың нақты тәсілі олармен келісім бойынша айқындалады.
- 19.8. Тараптар арасында залалдардың себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда тараптардың әрқайсысы сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.
- 19.9. Калькуляция жасау кезінде материалдар мен жұмыстарға орташа қолданыстағы нарықтық бағалар қолданылады.
- 19.10. Сақтандырушы жүзеге асыратын, барлық жәбірленушілердің (үшінші тұлғалардың) өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемінің жалпы мөлшері бір Сақтандыру жағдайы үшін Сақтандыру шартында айқындалатын сақтандыру сомасының (жауапкершіліктің шекті көлемінің) мөлшерімен шектеледі.
- 19.11. Егер үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянның мөлшері сақтандыру сомасының мөлшерінен асып кетсе, сақтандыру төлемі бірінші кезекте үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу үшін барлық жәбірленушілерге тең үлестермен жүзеге асырылады. Екінші кезекте үшінші тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиян Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы мен Сақтандырушы үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін төлеген сақтандыру төлемінің сомасы арасындағы айырмаға тең мөлшерде өтеледі.
- 19.12. Егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жүргізілген болса, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болып шыққан жағдайда да, залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында Сақтанушы шеккен шығыстар Сақтандырушы тарапынан өтелуге жатады.
- 19.13. Мұндай шығыстар нақты мөлшерінде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемінің жалпы сомасы Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан (жауапкершіліктің шекті көлемінен) аспайтындай етіп өтеледі. Егер шығыстар Сақтанушының Сақтандырушы нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.
- 19.14. Егер Сақтанушы ықтимал залалдарды азайту үшін өзіне қолжетімді және ақылға қонымды шараларды қасақана қабылдаса, Сақтандырушы осындай залалдардың сол бөлігін өтеуден босатылады.

## **20. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі**

- 20.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін он күн мерзімде не тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде сақтандыру төлемі туралы не сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға, Пайда алушыға) жазбаша нысанда хабарлайды. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негізді түрде дәлелдеп көрсетеді.
- 20.2. Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру төлемін сақтандыру төлемі туралы шешім шығарылғаннан кейін он күн мерзімде жүзеге асырады.
- 20.3. Егер Сақтандырушының жазбаша келісімі бойынша Сақтанушы жәбірленушіге (үшінші тұлғаға) келтірілген залалды өзі өтеген болса, сақтандыру төлемі сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде не тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде және үшінші тұлғаның тиісті түрде ресімделген қолхатын немесе залалдың өтелгенін және Сақтанушыға қатысты талаптардан бас тартқанын куәландыратын өзге құжатты алғаннан кейін Сақтанушыға жүзеге асырылады.



20.4. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапты болады.

20.5. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы сотта шағым жасай алады.

21.6. Егер Сақтандырушыға жарамсыз құжаттар ұсынылса, сақтандыру төлемі тиісті құжаттар ұсынылған сәттен бастап он күн мерзімде жүзеге асырылады.

### **21.Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері**

21.1. Егер Сақтандыру жағдайы мынадай жағдайлардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) Сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және(немесе) Пайда алушының қасақана әрекеттері, қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда;

2) Сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болатын, заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және(немесе) Пайда алушының әрекеттері.

21.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мынадай жағдайлар да негіз бола алады:

- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, Сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
- 2) Сақтанушының Сақтандыру жағдайынан келетін залалдарды азайту жөнінде қасақана шаралар қабылдамауы;
- 3) Сақтанушының келтірілген залалды келтіруге кінәлі тұлғадан тиісті өтемді алуы;
- 4) Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуде және одан келтірілген залал мөлшерін анықтауда кедергі келтіруі;
- 5) Сақтандырушыны Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеуі;
- 6) Сақтанушының Сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының Сақтанушыға өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;
- 7) осы Ережелерде көрсетілген өзге де жағдайлар.

21.3. Осы бөлімнің 21.1. және 21.2. тармақтарында көзделген оның заңсыз әрекеттері себептері бойынша Сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен Сақтандырушыны босату бір мезгілде Сақтандырылған тұлғаға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан да босатады.

### **22.Сақтанушының залалдарды өтеуге құқықтарының Сақтандырушыға өтуі (суброгация)**

22.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты Сақтанушының талап ету құқығы өтеді (суброгация).

Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және Сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

22.2. Егер Сақтанушы Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының кінәсінен мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

22.3. Сақтандыру шартында суброгацияның өзге тәртібі көзделуі мүмкін.



### **23.Сақтандыру шартын тоқтату талаптары**

23.1. Егер Сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда өзінің қолданылуын тоқтатады:

- 1) Сақтандырушының Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) алдындағы Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындауы;
- 2) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;
- 3) егер Сақтандырылған тұлға сақтандыру жарналарын төлеу жөніндегі Сақтанушының міндеттерін өзіне қабылдамаған болса, заңды тұлға болып табылатын Сақтанушының таратылуы немесе жеке тұлға болып табылатын Сақтанушының қайтыс болуы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының таратылуы;
- 5) соттың Сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы.

23.2. Тараптардың Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар бір-бірін Сақтандыру шартының тоқтатылуының болжамды күнінен кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.

23.3. Егер Сақтандыру шарты мынадай мән-жайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса:

- 1) сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқан кезде;
- 2) егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, Сақтанушының мүлдіктік сақтандыру объектісін иеліктен шығаруы;
- 3) өзінің кәсіпкерлік тәуекелін сақтандырған Сақтанушының кәсіпкерлік қызметін белгіленген тәртіппен тоқтатуы;
- 4) Сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша Сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелінің өмір сүруі тоқтатылған кезде;
- 5) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;
- 6) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларда; мынадай жағдайларда:

- Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны тиісті тексеру бойынша шараларды қабылдау мүмкін болмаған кезде;
- іскерлік қатынастар ақшаны жылытату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылады деп пайымдауға негіздер болған кезде. Бұл жағдайда Сақтандырушы Шартты Сақтанушыға жазбаша хабарлама жолдау арқылы бұзады. Сақтандыру шарты осы тармақта Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде көзделген көрсетілген мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге міндетті.

23.4. Осы бөлімнің 23.3-тармағында көрсетілген оқиғалар басталған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңі үшін Сақтандыру шартының жасалуына байланысты әкімшілік шығыстарды (оған мыналар кіреді: жасалған Сақтандыру шарты бойынша табыс салығы, агенттік сыйақы және осы Сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджерге сыйақы) жалпы Сақтандыру сыйлықақысының 25 % мөлшерінде шегере отырып, Сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады.

23.5. Егер бұл осы Ережелердің 23.3-тармағында және ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтанушы-жеке тұлғаның сақтандыру полисінен бас тарту себебі бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде, ол жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алынған Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшеріндегі сақтандыру полисін бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып қайтаруға міндетті.



23.6. Қарыз шартымен байланысты Сақтандыру полисін Сақтанушы-жеке тұлғаның Сақтандыру полисінен бас тартуы себебі бойынша, оның (қарыз алушының) қарыз беруші алдындағы қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты мерзімінен бұрын бұзған кезде, Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алынған Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшеріндегі Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып қайтаруға міндетті.

23.7. Осы Сақтандыру ережелерінің 23.3 – 23.6 тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде Сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

23.8. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және Сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру сыйлықақысын бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде толық көлемде төлеуге, сондай-ақ Сақтандыру сыйлықақысының төленуге жататын сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір кешіктірілген күн үшін Сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

23.9. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы оның талаптарын Сақтандырушының кінәсінен орындамауынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға өзі төлеген Сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

#### **24.Қосымша талаптар**

24.1. Тараптардың келісімі бойынша осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалатын Сақтандыру шартына ерекше талаптар (сақтандыру ескертпелері, айқындамалар, алып тастаулар және т.б.) енгізілуі мүмкін.

24.2. Сақтандыру полисі бойынша мынадай нәтижесінде туындаған зиян немесе жоғалту сақтандыру қорғанысымен жабылмайды:

- 1) Кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе іс жүзіндегі), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының сақтандырылған мүлкті тәркілеуі, мемлекет меншігіне алуы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденуі, реквизициялауы не пайдалану үшін алуы.
- 2) Қандай да бір өзге талаптарға қарамастан, Шарт бойынша сақтандыру оқиғаларға қолданылмайды, ал Сақтандырушы кез келген қолданылатын сауда немесе экономикалық санкциялар туралы заңнамалық немесе өзге де нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылатын дәрежеде, мұндай жабу, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі бөлігінде Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және қандай да бір қызметтер көрсетпейді.

24.3. Тараптар OFAC, Еуроодақ, Ұлыбританияның Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары туралы санкциялары және/немесе шектеулері Сақтанушыға, оның: аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға жай жазбаша хабарлама беру арқылы Шартты мерзімінен бұрын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы екендігімен келіседі. Шарт Сақтандырушының Сақтанушыға Сақтандыру шартында көрсетілген мекенжай бойынша электрондық пошта немесе пошта арқылы хабарламаны жіберген сәтінен бастап бұзылған болып есептеледі.

24.4. Тараптар Ережелердің осы бабының 24.3-тармағына сәйкес Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, пайдаланылмаған сақтандыру қорғанысы кезеңіне пропорционалды пайдаланылмаған Сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20



жұмыс күні ішінде қайтаратынымен келіседі.  
24.5. Тараптар OFAC, Еуроодақ, Ұлыбританияның Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары туралы санкциялары және/немесе шектеулері Сақтанушыға, оның: аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру жағдайлары санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғаларды қоса алғанда, Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынымен келіседі.  
24.6. Тараптар Ережелердің осы бабының 24.3-тармағына сәйкес Шарт біржақты тәртіппен бұзылған кезде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі төленбеген кезде Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлемейтіні және қандай да бір залалдарды өтемейтінімен келіседі.

#### 25. Дауларды шешу тәртібі

25.1. Осы Ережелер негізінде жасалған Сақтандыру шарттарынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен қаралады.  
25.2. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар, олар жазбаша түрде ресімделіп және тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда, заңды күшке ие болады.



**Евразия**  
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ  
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ  
(ЖАҢА РЕДАКЦИЯДА БАЯНДАЛҒАН)**

**Теміржол көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін  
ерікті сақтандыру ережелеріне  
№1 қосымша**

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ серия \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_  
СТРАХОВОЙ ПОЛИС

Осы сақтандыру полисі «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ уәкілетті органмен келісілген темір жол көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру Ережесіне (бұдан кейін – «сақтандыру Ережесі»).

Настоящий страховой полис является договором присоединения к Правилам страхования гражданско-правовой ответственности владельцев железнодорожного транспорта (далее – «Правила страхования»).

САҚТАНДЫРУ СЫНЫБЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ  
САҚТАНДЫРУ ТҮРІ / ВИД СТРАХОВАНИЯ

МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ /  
ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ  
САҚТАНДЫРУШЫ  
СТРАХОВЩИК

САҚТАНУШЫ/  
СТРАХОВАТЕЛЬ

САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛҒА /  
ЗАСТРАХОВАННЫЙ  
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ /  
ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ

САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ /  
СТРАХОВАЯ СУММА

САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ /  
СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ

ФРАНШИЗА / ФРАНШИЗА

САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ  
ВАЛЮТА ТҮРІ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН  
МЕРЗІМДЕРІ /  
ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ  
СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ  
САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ /  
СТРАХОВЫЕ СЛУЧАИ

САҚТАНДЫРУ АЙМАҒЫ /  
ТЕРРИТОРИЯ СТРАХОВОЙ ЗАЩИТЫ  
ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР /  
ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ  
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ  
ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ /  
ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ  
СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ  
ПОЛИСІНІҢ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР  
ЕНГІЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ /  
СЛУЧАИ И ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В  
УСЛОВИЯ ПОЛИСА

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ  
ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ /  
СРОК ДЕЙСТВИЯ  
СТРАХОВОГО ПОЛИСА

<b>СТРАХОВАНИЕ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ СТРАХОВАНИЕ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ВЛАДЕЛЬЦЕВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНСПОРТА</b>
Серия _____ № _____ от «__» _____ 20__ года.

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ тел.: 8 (727) 258 43 36; факс: 8 (727) 258 43 38, Алматы қ.,  
«Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT:  
EURIKZKA BSN 950540000024  
АО «Страховая компания «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59.  
тел.: 8 (727) 258 43 36, факс: 8 (727) 258 43 38, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в филиале №6 АО  
«Евразийский банк» г. Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA БИН 950540000024

_____	_____
_____	_____
_____	_____
Имущественный интерес страхователя (застрахованного), связанный с его обязанностью, установленной гражданским законодательством Республики Казахстан, возместить вред, причиненный жизни, здоровью и (или) имуществу третьих лиц (потерпевшим) в результате эксплуатации железнодорожного транспорта как источника повышенной опасности.	
санмен/цифрами _____ сөзбен/прописью _____	
санмен/цифрами _____ сөзбен/прописью _____	
_____, в размере _____ % от страховой суммы.	
Франшиза — предусмотренное условиями страхования освобождение Страховщика от возмещения ущерба, не превышающего определенного размера.	
_____	
_____	
Факт наступления гражданско-правовой ответственности застрахованного по возмещению вреда, причиненного жизни, здоровью и (или) имуществу лиц, признанных потерпевшими, в результате эксплуатации застрахованным железнодорожным транспортом, указанным в договоре страхования.	
_____	
_____	
Страховая выплата производится страховщиком не позднее 10 (десяти) рабочих дней со дня получения документов, предусмотренных Правилами страхования.	
Внесение изменений и дополнений в настоящий Полис производится по обоюдному согласию сторон, на основании письменного заявления (уведомления) одной из сторон. Если какая-либо сторона не согласна на внесение изменений и дополнений в настоящий Полис, в пятидневный срок решается вопрос о продолжении действия настоящего Полиса на прежних условиях или о прекращении настоящего Полиса. Изменения и дополнения к настоящему Полису оформляются путем расторжения и заключения нового страхового полиса.	

с «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года по «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года.  
обе даты включительно

Комиссиялық сыйақы. Комиссионное вознаграждение – иә/да,нет/жоқ.

Сақтандыру ережелерімен таныстым, өзін хабарлаған мәліметтеріңің шынайылығын растаймын, полисті және сақтандыру ережелерінің көшірмесін алдым./  
С правилами страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис и копию правил страхования получил.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/  
Страховщик (или его представитель):  
АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.П.

М.П.



*Если подписант агент*  
Агент (ФИО/Наименование)  
Адрес (если агент юридическое лицо)  
ИИН/БИН  
телефон

Берілген күні / Дата выдачи: «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж./г.

**ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**1. Сақтанушы құқылы:**

- 1) сақтандырушыдан төлеу қабілеттілігі және қаржылық есептілігі туралы хабар талап етуге;
- 2) сақтандырушының жазбаша келісімімен өзі үшінші тұлғалардың талап арызын реттеумен байланысты, сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасында (жауаптылығының шекті көлемінде) шығындарды өтеп алуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген басқа да іс-әрекеттерді жасауға.

**2. Сақтанушы міндетті:**

- 1) Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдылығын және оның басталуынан мүмкін болатын залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар белгілі болған мән-жайлар туралы хабарлау.
- 2) дереу, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы, сонымен қатар Шартты жасау кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы оған белгілі болған маңызды өзгерістер туралы хабарлау, егер бұл өзгерістер Шарттың әрекет ету кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін болса. Шарт жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған
- 3) сақтандыру шартын жасау барысында сақтандыру тәуекеліне баға беру және сақтандырушы сақтандыру шартын жасау туралы шешім қабылдауы үшін оған мәлім едәуір мағынасы бар барлық жағдайлар туралы сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) барлық жасалған және жасалатын темір жол көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттары бойынша сақтандырушыға жазбаша түрде хабар беруге;
- 5) сақтандыру шарты белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын (сақтандыру жарналарын) төлеуге;
- 6) сақтандыру шарты әрекет ету мерзімінде сақтандыру шартында аталған пайдалану, сақтандыру шартын жасау барысында сақтандырушыға хабарланған өзгертулердің пайда болуы туралы сақтандырушыға кешіктірмей хабарлауға, егер осы өзгертулер тәуекел дәрежесін көбейтуге едәуір әсерін тигізсе аласа;
- 7) сақтандыру шартында аталған теміржол көлігін дұрыс қалпында ұстауға;
- 8) зиян келтіру мүмкіндігін азайту үшін алдын-алу шараларын қабылдауға;
- 9) сақтандырылғандарға сақтандыру Ережесінің талаптарымен таныстыруға;
- 10) сақтандыру Ережесінің шартын орындауға (сақтандырылғанның сақтандыру Ережесін бұзылуы, сақтанушының өзі сақтандыру Ережесін бұзды деп танылады);
- 11) жағдай туған кезде, сақтандыру жағдайы белгілері болса, сақтандыру Ережесімен белгіленген іс-әрекеттерді жасауға;
- 12) зиян келтіру (зерттеу, қылмыс ісін қозғау, сотқа шақыру және т.б.) фактісі бойынша өкілетті органдардың іс-әрекеттерінің басталуы туралы, және де үшінші тұлғалардың барлық талаптары бойынша, сотқа шақыру, талап арызды тапсыру және т.б. басталуы туралы сақтандырушыға дереу, бірақ белгілі болған кезден бастап 3 (үш) күннен кешіктірмей хабарлауға;
- 13) өтемақыны төлемеуге, зиян келтіруге байланысты жартылай немесе толық жарияланған талаптарды сақтандырушының келісімінсіз мойындамауға;
- 14) сақтандырушыға дереу мәлімдеуге және берілген талаптардың мөлшерін азайту жөнінде барлық мүмкіндік шаралар қабылдауға, егер сақтандырылушында немесе сақтандырылғанда осыған негіздер болса;
- 15) сақтандыру шарты бойынша және де сақтандыру сыйлықақыларының мен сақтандыру төлемінің мөлшері бойынша құпиясын сақтау;
- 16) сақтандыру жағдайының басталғандығы үшін жауапты адамнан талап ету құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

**3. Сақтандырушы құқылы:**

- 1) берілген хабарды және құжаттарды тексеруге;
- 2) бұзылған мүлікті қарап тексеруге қатысуға;
- 3) дербес түрде сақтандыру жағдайының себептері мен жайларын анықтауға және компетентті органдарға сақтандыру жағдайы туғаны туралы сұраныс жасау;
- 4) сақтанушыдан немесе сақтандырылғандардан сақтандыру жағдайының болу фактісін куәлендіретін, және оның туу мән-жайлары бойынша хабарды талап ету;
- 5) сотта даудың нысанасына дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлға ретінде қатысуға;
- 6) заңда белгіленген тәртіпте сақтанушыға немесе сақтандырылғандарға ұсынған талап мөлшерін даулау;
- 7) сақтандыру жағдай деп санамау кезде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан сақтандыру Ережесінің 5 және 18 бөлімінде көзделген жағдайларда, жазбаша түрде сақтанушыға және жәбірленушіге бас тартқаны туралы хабарлау;
- 8) сақтандыру тәуекелі ұлғайған жағдайда, сақтандыру шартының жағдайын өзгертуге немесе тәуекелдің ұлғаю мөлшері бойынша қосымша сақтандыру сыйақыны төлеткізуге талап ету;
- 9) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген басқа да іс-әрекеттерді жасауға.

**4. Сақтандырушы міндетті:**

- 1) сақтандырушының сақтандыру Ережелерімен таныстыруға;
- 2) оқиғаны сақтандыру жағдайы деп есептеу үшін және сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін, жәбірленушіге керекті құжаттар тізбегін беруге;
- 3) сақтанушы барлық керекті құжаттарды тапсырғаннан кейін, 10 күн ішінде оқиғаны

**ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН**

**1. Страхователь вправе:**

- 1) требовать от страховщика информацию о его платежеспособности и финансовой устойчивости;
- 2) на возмещение затрат в пределах указанного в договоре страхования размера страховой суммы (предельного объема ответственности), если он по письменному согласию страховщика сам урегулировал требования третьих лиц;
- 3) совершать иные действия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

**2. Страхователь обязан:**

- 1) сообщить об известных обстоятельствах, имеющих существенное значение для определения вероятности наступления страхового случая и размера возможных убытков от его наступления;
- 2) незамедлительно, сообщать Страховщику об увеличении страхового риска, а также о ставших ему известными значительных изменениях в обстоятельствах, сообщенных страховщику при заключении Договора, если эти изменения могут повлиять на увеличение страхового риска в период действия Договора. Значительными признаются любые изменения в обстоятельствах, сообщенных Страховщику при заключении Договора;
- 3) при заключении договора страхования сообщить страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия страховщиком решения о заключении договора страхования;
- 4) письменно сообщать страховщику обо всех заключенных и заключаемых договорах страхования гражданско-правовой ответственности владельцев железнодорожного транспорта с другими страховыми компаниями;
- 5) уплатить страховую премию (страховые взносы) в размерах и порядке, определенных договором страхования;
- 6) в период действия договора страхования незамедлительно сообщать страховщику о возникших изменениях в условиях эксплуатации указанного в договоре страхования, сообщенных страховщику при заключении договора страхования, если эти изменения могут существенно повлиять на увеличение степени риска;
- 7) содержать указанный в договоре страхования железнодорожный транспорт в исправном состоянии;
- 8) принимать меры предосторожности для снижения возможности причинения вреда;
- 9) довести до сведения застрахованных требований настоящих Правил страхования;
- 10) выполнять условия настоящих Правил страхования (нарушение Правил страхования застрахованным расценивается как нарушение Правил страхования самим страхователем);
- 11) при наступлении события, имеющего признаки страхового случая, совершить необходимые действия, указанные в Правилах страхования;
- 12) незамедлительно, но не позднее 3 (трех) дней со дня, когда ему стало известно, сообщить страховщику о начале действий компетентных органов по факту причинения вреда (расследование, возбуждение уголовного дела, вызов в суд и т.п.), а также о всех предъявляемых претензий третьих лиц, о вызове в суд, о подаче искового заявления и т.п.;
- 13) не выплачивать возмещение, не признавать частично или полностью предъявленное в связи с причинением вреда требования без согласования со страховщиком;
- 14) незамедлительно поставить страховщика в известность и принять все доступные меры по уменьшению размеров предъявляемых требований, если у страхователя или застрахованного имеются для этого основания;
- 15) сохранять конфиденциальность об условиях договора страхования и размерах страховых премий и выплат;
- 16) обеспечить переход к страховщику права требования к лицу, ответственному за наступление страхового случая.

**3. Страховщик вправе:**

- 1) проверять представляемую ему информацию и документы;
- 2) участвовать в осмотре поврежденного имущества;
- 3) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы;
- 4) требовать от страхователя или застрахованного информацию, необходимую для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения;
- 5) участвовать в суде в качестве третьего лица, не заявляющего самостоятельные требования;
- 6) в установленном законом порядке оспорить размер требований, предъявляемых к страхователю или застрахованному;
- 7) отказать в страховой выплате в случае непризнания события страховым случаем на основаниях, предусмотренных разделами 5 и 18 Правил страхования, письменно уведомив об этом страхователя и потерпевшего;
- 8) в случае увеличения степени риска потребовать изменения условий договора страхования или уплаты дополнительной страховой премии соразмерно увеличению риска;
- 9) совершать иные действия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.



сақтандыру жағдайы деп есептеу немесе есептемеу туралы сақтанушыға және жәбірленушіге хабар беру. Белгіленген мерзім керек жағдайларда тапсырған құжаттар тексеру үшін көбеюі мүмкін;

4) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру Ережесінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде төлеуге;

5) сақтанушыға (сақтандырылған тұлғаға) сақтандыру жағдайы кезінде олардың залалдарды азайтуға жұмсалған шығындарын өтеп беруге;

6) сақтандыру жағдайы деп санамау немесе сақтандыру төлемін азайту туралы шешімін жазбаша түрде сақтандырушыға және жәбірленушіге хабарлау;

7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

8) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемін бас тартуға:

- Сақтанушының/ сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе)

бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингін

агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді

қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды

қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін

бойынша -ЖҚКТҚ тізбесі) болуы;

- Сақтанушы/ сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ

Сақтандырушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбаған;

- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция АЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.

#### **5. Жәбірленуші құқылы.**

1) болуы салдарынан сақтанушы (сақтандырылушы) өзіне зиян келтірген оқиғасы туралы сақтандырушыға хабарлауға;

сақтанушының (сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды сақтанушымен (сақтандырылушымен) көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушыға табыс етуге;

2) сақтанушының (сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды сақтанушымен (сақтандырылушының) сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушыға беруге;

3) денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;

4) келтірілген зиянның мөлшеріне сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген бағалаудың нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-кісабымен танысуға;

5) сақтандыру төлемін алуға;

6) сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы немесе оның мөлшерін азайтуы туралы шешіміне Қазақстан Республикасының белгіленген тәртіппен дау айтуға;

7) теміржол құралының несіне келтірілген зиянды келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемі сомасынан асатын мөлшерде өтеуі туралы талап қоюға;

8) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген басқа да іс-әрекеттерді жасауға.

6. Сақтанушы, осы Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуға және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды.

7. Осы талаптарда реттелмеген басқа да сұрақтан бойынша тараптар «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ темір жол көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру Ережелерін басшылыққа алады.

#### **4. Страховщик обязан:**

1) ознакомить страхователя с настоящими правилами;

2) сообщить потерпевшему перечень документов, необходимых к представлению для принятия решения о признании события страховым случаем и осуществления страховой выплаты;

3) принять решение о признании или непризнании события страховым случаем в течение 10 дней после представления страхователем, застрахованным или потерпевшим всех необходимых документов. Указанный срок может быть увеличен в случае необходимости проверки представленных документов.

4) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные Правилами страхования;

5) возместить страхователю (застрахованному) расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае;

6) письменно уведомить страхователя и потерпевшего о непризнании события страховым случаем или о принятии решения уменьшить размер страховой выплаты;

7) обеспечить тайну страхования;

8) отказать в страховой выплате в случаях:

- нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя и (или) бенефициарного собственника в перечне организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу, а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ);

- не предоставления Страхователем/ Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;

- когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью ОД и ФТ.

#### **5. Потерпевший вправе:**

1) сообщить страховщику о происшествии, в результате которого ему причинен вред страхователем (застрахованным);

2) произвести вместо страхователя (застрахованного) сбор документов, необходимых для осуществления страховой выплаты, и представить их страховщику, с которым страхователь (застрахованный) заключил договор страхования;

3) воспользоваться услугами независимого эксперта для оценки размера причиненного вреда здоровью и (или) имуществу;

4) ознакомиться с результатами оценки размера причиненного вреда и расчетами размера страховой выплаты, произведенными страховщиком или независимым экспертом;

5) получить страховую выплату;

6) оспорить в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, решение страховщика об отказе в осуществлении страховой выплаты или уменьшении ее размера;

7) предъявить требование о возмещении причиненного вреда к владельцу железнодорожного транспорта в размере превышения суммы причиненного вреда над суммой полученной страховой выплаты;

8) совершать иные действия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.

7. По всем иным вопросам, неурегулированным настоящими Условиями, Стороны будут руководствоваться Правилами страхования гражданско-правовой ответственности владельцев железнодорожного транспорта АО «Страховая компания «Евразия».